



Жоба

www.kmcpk.kz

Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің біліктілігін арттыруға арналған
«Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік бағдарламасына сәйкес жобалау»
біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы

1. Жалпы ережелер

1. Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттыру курсының **«Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік бағдарламасына сәйкес жобалау»** білім беру бағдарламасы (бұдан әрі-Бағдарлама) қазақ және орыс тілдерінде оқытатын мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің біліктілігін арттыруға арналған

2. Бағдарлама Қазақстан Республикасы (бұдан әрі - ҚР) мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының күтілетін нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету және үлгілік оқыту бағдарламасына сәйкес жобалауды іске асыруға теориялық және практикалық даярлықтың бірлігін, оның кәсіби біліктілігін сипаттайды.

2. Глоссарий

Білім алу үшін арнайы жағдайлар – оқу, сондай-ақ арнайы, жеке дамыту және түзету-дамыту бағдарламаларын және оқыту әдістерін, техникалық, оқу және өзге де құралдарды, өмір сүру ортасын, психологиялық-педагогикалық қолдауды, медициналық, әлеуметтік және ерекше балалардың, сондай-ақ мүмкіндіктері шектеулі балалардың білім беру бағдарламаларын меңгеруі үшін қажетті өзге де іс-әрекеттерді қамтитын жағдайлар.

Баланы толыққанды дамыту - қимыл белсенділігіне жағдай жасау, пайдалы және құнарлы тамақтандыру, жағымды қарым-қатынас орнату және дамытушы ортаны ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етілетін баланың физикалық, психологиялық, әлеуметтік, эмоционалдық денсаулығы мен қауіпсіздігі;

Оқу бағдарламасы – меңгерілуі тиіс білім, біліктердің, дағдылар мен күзiреттiлiктердiң мазмұны мен көлемiн айқындайтын бағдарлама

Модель – мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту мен жетілдіру

бағытын айқындайтын тәсілдер мен қағидаттар жиынтығы.

Баланы толыққанды дамыту – қимыл белсенділігіне жағдай жасау, пайдалы және құнарлы тамақтандыру, достық қарым-қатынас орнату және дамытушы ортаны ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етілетін баланың физикалық, психологиялық, әлеуметтік, эмоционалдық денсаулығы мен қауіпсіздігі.

Баланың қажеттіліктері – ойынға, қимыл-қозғалысқа, таңдауға, өз өмірін бақылауға, пайдалы іс-әрекетке, жақын жылы қарым-қатынас жасауға, араласуға, жаңа нәрсе жасауға, зерттеуге, эксперименттерге, танымдық белсенділікке қажеттілік.

Дамытушы орта – заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және немен айналысатынын өз бетінше таңдауын, күні бойы өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, балалардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әртүрлі материалдары бар орта.

Қарым-қатынасты қолдау – ересектердің балаларға деген мейірімді қарым-қатынасы, баланың дербестігін ынталандыруы, әр баланың жеке басын құрметтеуі, балаға қиын сәттерде қолдау көрсетуі.

Инклюзивті білім беру кеңістігі – әр баланың жеке қажеттіліктері ескеріліп ұйымдастырылған орта, онда барлық балалар эмоционалдық, зияткерлік және академиялық қолдауды сезінеді, әлеуметтенуге қатысады және жеке басына, тәрбиелеу мен оқытудағы қалауына қарамастан қатысады.

Сапалы маңызды өзара іс-қимыл – педагогтің әр баламен жеке қарым-қатынасы, баланың іс-әрекетіне және оның пікіріне шынайы қызығушылықпен қарау, тыңдау, қолдау көрсету, балаға жылы қарым-қатынас көрсету.

Ерте дамыту – баланың туғаннан бастап мектепке барғанға дейін дамуы.

Сәби жасы – туғаннан бастап үш жасқа дейінгі кезең.

Педагог – педагогикалық немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және білім алушыларды және (немесе) тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу, білім беру қызметін әдістемелік қолдау немесе ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын адам.

3. Бағдарламаның тақырыптары

I-модуль Заманауи білім беруді дамытудың психологиялық-педагогикалық және нормативтік аспектілері	1.1	1.1 Мемлекеттің әлеуметтік саясаты саласындағы нормативтік-құқықтық заңнама және мектепке дейінгі ұйым педагогының кәсіби әрекетіндегі құжаттау үрдісі
	1.2	Мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі педагогтың педагогикалық іс-әрекеті және аттестаттаудың мәні
II-модуль Білім беру сапасын	2.1	Мектепке дейінгі білім беру ортасын қазіргі талапқа сай жобалау

арттыру контексінде оқыту мазмұны және әдістерін жетілдіру ҮОБ –на сәйкес мектепке дейінгі білім беру жүйесінде тәрбиеленушілерді жан-жақты дамыту жағдайында ұйымдастырушылық-басқарушылық кәсіби құзыреттіліктерін дамыту	2.2	ҮОБ –на сәйкес мектепке дейінгі білім беру жүйесінде тәрбиеленушілердің дағдысын қалыптастыруды ұйымдастырудың ерекшеліктері
	2.3	Бала дамуындағы ойын іс-әрекетінің маңызы
	2.4	Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыру және оған қойылатын талаптар
	2.5	Физикалық қасиеттерді дамыту дағдылары: мәдени-гигиеналық және өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру; шығармашылық қабілеттер мен командамен бірге әрекет ету;
	2.6	Коммуникативтік дағдыларды дамыту: ойын түрінде балаларда түрлі әрекеттері арқылы сөйлеуді дамыту
	2.7	Сауат ашу негіздерін оқытудың әдістемелік ерекшеліктері
	2.8	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту: сенсорлық эталондар туралы түсініктер мен қарапайым математикалық ұғымдарды; құрастыру іс-әрекеті тәсілдері мен креативті және сыни ойлауды дамыту.
	2.9	Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту: балалардың өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасау, зерттеушілік қабілеттерін дамыту.
	2.10	Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру: қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу
	2.11	Инклюзивті білім беру кеңістігінде жұмыс істеуді қамтамасыз ету үшін қажетті жағдайларды жасау
	2.12	Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен білім сапасын бағалау
	2.13	Тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту технологиялары
	2.14	Педагогтың кәсіби дағдыларының (hard skills) қалыптасу деңгейін анықтау
	3-модуль Педагогтердің IT-құзыреттілігін және цифрлық	3.1

сауаттылығын дамыту		сандық білім беру қорларын пайдалану
		3.2 STEM-технологиясының білім алушының функционалдық сауаттылығын қалыптастырудағы ролі 3 Zoom бағдарламасы арқылы видео дәріс әзірлеу, аудандық семинарларға жоба даярлау, видео тәрбие сағатын даярлау, мұғалімдер мен оқушылар үшін видео-конференция өткізу.
4-модуль Вариативті мазмұн	4.1	4.1 Бағдарлама мазмұнын тыңдаушылардың сапасына және олардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып саралау. Тыңдаушыларға қиындық келтіретін тақырыптар бойынша сұрақтарды талқылау.
	4.2	4.2 Әр түрлі топтағы балаларымен ұйымдастырылған іс-әрекет (жоба қорғау) мен тестілеуге дайындық

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Бағдарламаның мақсаты: мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік бағдарламасын іске асыру жағдайында педагогтердің мектепке дейінгі білім беру процесін тиімді ұйымдастыруға қабілеттілігі мен шеберлігін арттыру, кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

1. Теориялық даярлыққа іс-әрекеттің нормативтік-құқықтық базасын (заңдар, заңнамалық актілер, қаулылар, нұсқаулар) практикада қолдану;
2. ҮОБ –на сәйкес мектепке дейінгі білім беру дағдылары мен мазмұнының инновацияларын меңгеруде педагогтердің шеберлігін дамыту;
3. Баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны құру, оның ішінде арнайы ортаны құру;
4. Балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған жаңа нысандар мен әдістерді қолдану дағдыларын жетілдіру;
5. Білім беру практикасында да, кәсіби өзін-өзі дамыту саласында да АКТ-ны пайдаланудың заманауи әдістемелерін, технологияларын, тәсілдерін меңгеру;
6. Мектепке дейінгі ұйым педагог жұмысын лауазымдық нұсқаулықта көзделген барлық аспектілер бойынша сапалы орындау, кәсіби рефлексияны дамыту, өзін-өзі талдау дағдыларын бекіту.

**Курс соңында тыңдаушылар:
біледі:**

- мектепке дейінгі ұйымда педагогтің білім беру қызметін регламенттейтін нормативтік-құқықтық құжаттарды;
- мектепке дейінгі ұйымда балаларды жан-жақты дамытуда ұйымдастырылған іс-әрекеттерді жоспарлауды;
- балалардың білім беру дағдыларын дамытуға бағытталған жобалау, әдіс-тәсілдер жүйесін;

қолдана алады:

- баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны, оның ішінде арнайы ортаны құру;
- балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған жаңа нысандар мен әдістерді қолдану;
- инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану, тәрбиелеу, дамыту және оқыту міндеттерінің бірлігін қамтамасыз ету;
- заманауи IT-технологияларды қолдануды.

меңгереді:

- ҮОБ – на сәйкес мектепке дейінгі білім беру дағдылары мен мазмұнының инновацияларын;
- балаларды жас ерекшелігіне қарай түрлі іс-әрекетін ұйымдастыру жолдарын;
- шығармашылық ойлау және кәсіби міндеттерді шығармашылық түрде шешу қабілетін;

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бағдарламаның құрылымы 4 модульден тұрады:

1. Заманауи білім беруді дамытудың психологиялық-педагогикалық және нормативтік аспектілері.
2. Білім беру сапасын арттыру контексінде оқыту мазмұны және әдістерін жетілдіру
3. Педагогтердің IT- құзыреттілігін және цифрлық сауаттылығын дамыту
4. Вариативтік.

6. Оқу процесін ұйымдастыру

Біліктілікті арттыру курсы:

1) күндізгі оқыту Бағдарламаның 1-қосымшасында берілген оқу-тақырыптық жоспарына (әрі қарай - ОТЖ) сәйкес берілген. Курстың ұзақтылығы 80 сағатты құрайды. Бірапталық курстарды ұйымдастыру үшін ОТЖ-да берілген сағаттар саны екі есеге қысқартылып, сабақты өткізу формалары мен тақырыптары өзгеріссіз қалдырылады.

2) осы бағдарламаға арналған курстың оқу-тақырыптық жоспарына сәйкес қашықтан оқыту және оқытудың екі кезеңін қамтиды: қашықтан (онлайн) – 30 сағат, дербес (офлайн) - 50 сағат.

Күндізгі және қашықтан оқыту режимдерде білім беру процесін ұйымдастыру кезінде тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау

мақсатында: өзіндік жұмыс, жобалық жұмыс, шағын тәрбиелік іс-шараларды таныстыру, қорытынды тестілеу. Өзіндік жұмысқа арналған тапсырмалар, тест тапсырмалары, жобалық жұмыстар мен шағын іс-шаралар тақырыптары курстың оқу-әдістемелік кешеніне (бұдан әрі - ОӘК) енгізілген.

Қашықтан оқытуды арнайы платформалар арқылы өткізуге болады:

- **Zoom** ([ссылка для скачивания](#), [ссылка для ознакомления с инструкцией к программе](#)).
- **Moodle** ([ссылка для скачивания](#), [ссылка для ознакомления с инструкцией к программе](#)).

Білім беру процесі оқытудың интерактивті әдістері арқылы жүзеге асырылады: дәрістер, семинарлар, тәжірибелік сабақтар, өзіндік жұмыс, оқу-таныстыру, ғылыми-зерттеу, әлеуметтік жобалау, үйірме, клуб, ғылыми семинарлар, конференциялар олимпиадалар, тренинг, шебер-сынып, дөңгелек үстел, кейс әдістері, бейнефильмдерді талқылау, мәселені бірлесіп шешу, сонымен бірге, аралас оқыту режимінде вебинар, онлайн-форум, онлайн-кеңес және тыңдаушылардың өзіндік жұмыстары.

Кәсіби құзыреттіліктер шеңберіндегі қалыптастырушы құзыреттіліктер: оқыту мазмұнын білуі, педагогика саласында білім мен біліктілігін тиімді қолдануы; стандарттық емес жағдайда әрекет жасай алуы, оқу-танымдық мәселелерді шешу тәсілдерін меңгеруі, мақсат қоюы, жоспарлауы, талдау, рефлексия, өзіне өзі баға беруі жатады.

Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін профессорлық-оқытушылық құрамы бағдарлама мазмұнын игеру мен бағалау өлшемдерін жасайды және олар курстың ОӘК беріледі.

7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыздандыру

1-модуль «Заманауи білім беруді дамытудың психологиялық-педагогикалық және нормативтік аспектілері»

Модуль құрылымы

Ұзақтығы - 4 сағат(дәріс – 2 сағат, практикалық жұмыс – 2 сағат)

1) Модульдің мақсаттары мен міндеттері

Мақсаты: Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің Қазақстан Республикасында заманауи білім беруді дамытудың негізгі стратегиялық бағыттарын түсіну, кәсіби құзыреттілік деңгейін көтеру және кәсіби біліктілігін арттырудың психологиялық-педагогикалық аспектілерін меңгерту.

Модульдің міндеттері:

1. Заманауи білім беруді дамытудың нормативтік аспектілері бойынша мағлұмат беру;
2. Білім беруді дамытудың стратегиялық бағыттарын жүзеге асырудағы өзекті мәселелерге түсінікті дамыту;
3. Заманауи білім беруді дамытудың нормативтік актілердің мақсаты мен міндеттерін, талаптарын жүзеге асыру бағыттары жайлы қарастыру.

4. Мектепке дейінгі заманауи білім берудің дағдыларын қалыптастыруды
5. Мектепке дейінгі ұйым педагогінің кәсіби біліктілігін арттырудың психологиялық-педагогикалық аспектілері туралы ақпарат беру;
6. Мектепке дейінгі ұйым педагогінің кәсіби іс-әрекетіне қатысты құжаттар мен білігіне қойылатын жалпы талаптарды қарастыру;
7. Педагогтерді аттестаттаудан өтудің қағидастарын меңгерту.

- мектепке дейінгі заманауи білім берудің дағдыларын қалыптастыруды ҮОБ сәйкес жүзеге асыру жолдарын қарастыру;

- мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі нормативтік актілердің талаптарын жүзеге асырудың мақсаттары мен міндеттерін, бағыттарын қарастыру.

Модульдің қысқаша мазмұны

ҚР МЖМБС-да маманның жалпы мәдени құзыреттілігінде үнемі тұлғалық және кәсіби өзін-өзі дамыту, жетілдіру қажет деп көрсетіледі. Демек, Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасының жаңа редакциясының негізгі ережелерін, педагог мәртебесі туралы Заңының мәнін, білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасының қолдану аясы мен білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың принциптерін қарастыру. Заманауи білім беруді дамытудың мақсаты мен оны жүзеге асыруда атқарылатын міндеттері және білім беру деңгейлеріне қойылатын талаптарды түсіндіру. Мектепке дейінгі ұйым педагогінің кәсіби құзыреттілігі білім-тәрбие процесінде жүзеге асыруға теориялық және практикалық даярлықтың бірлігін, оның кәсіби біліктілігін сипаттайды.

1.2 тақырыбы. «Мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі педагогтың педагогикалық іс-әрекеті және аттестаттаудың мәні». Мектепке дейінгі педагог іс-әрекетінде кәсіби дағдыларын (hard skills) қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық аспектілері жайында теориялық мағұлмат беріледі.

Жеке жұмыс ретінде педагогтерге сауалнама жүргізу, сол арқылы психологиялық ахуалын анықтау, соған сай қолдау көрсетіп, бір-бірімен тәжірибе алмасады.

Күтілетін нәтиже

Курс соңында 1- модуль бойынша тыңдаушылар:

1. Заманауи білім беруді дамытудың нормативтік аспектілері бойынша нормативтік құжаттар туралы біледі;
2. Білім беруді дамытудың стратегиялық бағыттарын жүзеге асырудағы өзекті мәселелерді қолдана алады;
3. Заманауи білім беруді дамытудың нормативтік актілердің мақсаты мен міндеттерін, талаптарын жүзеге асыру бағыттары жайлы мәселелерді меңгереді.

Модуль 2: «Білім беру сапасын арттыру контексінде оқыту мазмұны және әдістерін жетілдіру»

Ұзақтығы - 64 сағат (дәріс - 2 сағат, практикалық жұмыс – 24 сағат, тренинг - 24 сағат, КТС – 8 сағат, шағын–сабақ, жоба қорғау – 4 сағат, тестілеу – 2 сағат)

1) Модульдің мақсаттары мен міндеттері

Модульдің мақсаты — Мектепке дейінгі ұйым педагогінің іс-әрекетінде ұйымдастырушылық-басқарушылық кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіру.

Модульдің міндеттері:

- 1) Мектепке дейінгі ұйымда білім-тәрбие үдерісінде педагогтың, оның тұлғалық сапалары мен кәсіби құзыреттіліктерін кеңейту;
- 2) Үлгілік оқу бағдарламасы мен оның мазмұнының жаңалықтарын меңгеруде педагогтердің кәсіби дағдыларын (hard skilis) дамыту;
- 3) ҮОБ –на сәйкес мектепке дейінгі білім беру жүйесінде тәрбиеленушілерді жан-жақты дамытуда ұйымдастырылған әртүрлі іс әрекеттерді жобалауды меңгеру;
- 4) Педагогикалық іс-әрекеттің шығармашылық сипатын, өзін-өзі жүзеге асыру мен өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру бойынша жоспарланған іс-әрекеттерді ұғыну.
- 5) ҮОБ на сәйкес білім беру дағдыларын жоспарлау, іс-әрекетті басқару және талдау, алдын алу, түзету әдістерін меңгеру.

Модульдің қысқаша мазмұны

ҮОБ –на сәйкес мектепке дейінгі білім беру жүйесінде тәрбиеленушілерді жан-жақты дамыту жағдайында ұйымдастырушылық-басқарушылық кәсіби құзыреттіліктерін дамыту.

Мектепке дейінгі білім берудің мазмұнын жаңартуда білім беру ортасын қазіргі талапқа сай жобалау үлгілік оқу бағдарламасына шолу. ҮОБ –на сәйкес мектепке дейінгі білім беру жүйесінде тәрбиеленушілердің дағдысын қалыптастыруды ұйымдастырудың ерекшеліктері. Бала дамуындағы ойын іс-әрекетінің маңызы. Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыру және оған қойылатын талаптар. Физикалық қасиеттерді дамыту дағдылары: мәдени-гигиеналық және өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру; шығармашылық қабілеттер мен командамен бірге әрекет ету. Коммуникативтік дағдыларды дамыту: ойын түрінде балаларда түрлі әрекеттері арқылы сөйлеуді дамыту. Сауат ашу негіздерін оқытудың әдістемелік ерекшеліктері. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту: сенсорлық эталондар туралы түсініктер мен қарапайым математикалық ұғымдарды; құрастыру іс-әрекеті тәсілдері мен креативті және сыни ойлауды дамыту. Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту: балалардың өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасау, зерттеушілік қабілеттерін дамыту. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру: қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу. Инклюзивті білім беру кеңістігінде жұмыс істеуді қамтамасыз ету үшін қажетті жағдайларды жасау. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен білім сапасын бағалау. Педагогтың кәсіби дағдыларының (hard skilis) қалыптасу деңгейін анықтау.

Күтілетін нәтижелер біледі:

- әртүрлі жас топтарында балалармен ұйымдастырылған түрлі іс-әрекетте қолданылатын әдістемелері мен технологиясы;
- ҮОБ –на сәйкес мектепке дейінгі білім беру жүйесінде тәрбиеленушілердің дағдысын қалыптастыруды ұйымдастырудың ерекшеліктері;
- Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыру;
- ҮОБ –на сәйкес білім беру дағдыларының мазмұнын ұйымдастырылған іс әрекет арқылы жобалау.
- Инклюзивті білім беру кеңістігінде жұмыс істеуге жағдайларды жасау.

қолданады:

- әртүрлі әдістерді, құралдарды және оқыту технологияларын қолдана отырып, оларды пайдаланудың орындылығын анықтай отырып, балалардың ұйымдастырылған іс-әрекетін басқаруды жүзеге асыру;
- балалардың білім дағдыларын дамытуға ықпал ететін тапсырмаларды құрастыру;
- балалардың шығармашылығын дамытуға бағытталған тәсілдерді қолдану;
- өз мүмкіндіктерінің сәйкестілігі, жоспарды жүзеге асыру бойынша шарттарды анықтау, іс-әрекет стратегиясын таңдау, өзін-өзі жетілдіру бойынша іс-әрекет құралын таңдау.

меңгереді:

кәсіби зерттеу іс-әрекетін басқару мен жоспарлау әдістері туралы білімдер жүйесін меңгеруі жатады

Модул 3 « Педагогтердің ІТ-біліктілігін және цифрлық сауаттылығын дамыту»

Модульдің құрылымы

Ұзақтығы - 8 сағат (практикалық жұмыс – 4 сағат, оқу – 4 сағат)
күндізгі сабақтар

1) Модульдің мақсаттары мен міндеттері

Модулдің мақсаты:

Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің ІТ - құзыреттіліктерін және цифрлық сауаттылығын дамыту. Тыңдаушылардың кәсіби бағдарланған білімдерді саналы-эмоционалды игеруге, қазіргі заманауи білім парталымен жұмыс жасау барысында білімдерін толықтыруға ықпал етеді.

Модулдің міндеттері:

1. Мектепке дейінгі білім беру үрдісінде АКТ-ны қолдана отырып балалардың белсенділігін арттыру жолдарын қарастыру;
2. Мектепке дейінгі ұйым жұмыстарында сандық білім беру ресурстары мен виртуалды зертханаларды игеру;
3. Кәсіби желілік қауымдастықты құрудағы негізгі принциптерімен танысу және білім сапасын арттыруда балалабқша аралық, ауданаралық,

облысаралық мектепке дейінгі педагогтардың кәсіби желілік қауымдастығын құру;

4. Zoom бағдарламасы арқылы видео дәріс әзірлеу, аудандық семинарларға жоба даярлау, видео ертеңгіліктерін даярлау, ата-аналар үшін видео-конференция өткізу. Gmail пошта жәшігіне тіркелу.

Модульдің қысқаша мазмұны

Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің IT-құзыреттілігін дамыту. Модуль білім беру процесінде IT-технологияларды қолдану бойынша практикалық дағдыларын дамытуға бағытталған.

Күтілетін нәтижелер:

Модуль соңында студенттер:

Модуль бойынша тыңдаушылар:

1. Білім беру үрдісінде АКТ-ны қолдана отырып балалардың белсенділігін арттыру жолдарын біледі.

2. Балабақша ішілік жұмыстарда сандық білім беру ресурстары мен виртуалды зертханаларды иегерді.

3. Балабақшаға қабылау indigo24.kz автоматтандырылған жүйесі, Электронды үкімет порталында ЭЦҚ арқылы жұмыс жасау алгоритмдерін түсінеді.

4. Кәсіби желілік қауымдастықты құрудағы негізгі принциптерін түсінеді және білім сапасын арттыруда балабақшааралық, ауданаралық, облысаралық әлеуметтік педагогтардың кәсіби желілік қауымдастығын құра алады.

Zoom бағдарламасы арқылы видео дәріс әзірлеу, аудандық семинарларға жоба даярлау, видео ертеңгіліктерін даярлау, ата-аналар үшін видео-конференция өткізу, Gmail пошта жәшігіне тіркелуді.

Модуль 4: «Вариативтік»

Модульдің құрылымы

Ұзақтығы – 4 сағат (таңдау бойынша сабақ – 4 сағат)

1) Модульдің мақсаттары мен міндеттері

Модульдің мақсаты: Бағдарлама мазмұны бойынша курс барысында тыңдаушыларға қиындық туғызған мәселелерді анықтау, қолдау көрсету.

Модульдің міндеттері:

1. Тыңдаушыларға қиындық келтіретін тақырыптар бойынша сұрақтарды талқылау.

2. Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің кәсіби дамуына бағыт-бағдар беру.

2) Модульдің қысқаша мазмұны

Модуль тыңдаушылардың өзекті қажеттіліктері саласындағы мәселелерді қозғайды. Бағдарлама мазмұнын саралау тыңдаушылардың сапалық құрамына сәйкес және олардың жеке сұраныстарын ескере отырып жүргізіледі. Модуль жобаны тестілеу мен қорғауға даярлықты қамтиды.

3) Күтілетін нәтижелер:

Бағдарлама аясында қиындық тудыратын сұрақтарды анықтайды, талқылайды. Білім беру дағдыларына қарай ұйымдастырылған іс-әрекеттер бойынша кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіреді.

Оқу-тақырыптық жоспары

Күндізгі оқу режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары

№	Тақырыбы								
		Дәріс	Тағлау бойынша сабақ	Практикалық жұмыс	Тренинг	КТС	Шағын-сабақ презентация	Тестілеу	Барлығы
1	I – Модуль. «Заманауи білім беруді дамытудың психологиялық-педагогикалық және нормативтік аспектілері»	2		2					4
1.1	Мемлекеттің әлеуметтік саясаты саласындағы нормативтік-құқықтық заңнама және мектепке дейінгі ұйым педагогының кәсіби әрекетіндегі құжаттау үрдісі	2							2
1.2	Мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі педагогтың педагогикалық іс-әрекеті және аттестаттаудың мәні			2					2
2	II-модуль. Білім беру сапасын арттыру контексінде оқыту мазмұны және әдістерін жетілдіру ҮОБ –на сәйкес мектепке дейінгі білім беру жүйесінде тәрбиеленушілерді жан-жақты дамыту жағдайында ұйымдастырушылық-басқарушылық кәсіби құзыреттіліктерін дамыту	2		24	24	8	4	2	64
2.1	Мектепке дейінгі білім беру ортасын қазіргі талапқа сай жобалау	1		1					2
2.2	ҮОБ –на сәйкес мектепке дейінгі білім беру жүйесінде тәрбиеленушілердің дағдысын қалыптастыруды ұйымдастырудың ерекшеліктері			1					1
2.3	Бала дамуындағы ойын іс-әрекетінің маңызы			2	1				2
2.4	Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыру және оған қойылатын талаптар	1		2	2				3

2.5	Физикалық қасиеттерді дамыту дағдылары: мәдени-гигиеналық және өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру; шығармашылық қабілеттер мен командамен бірге әрекет ету			2			2	
2.6	Коммуникативтік дағдыларды дамыту: ойын түрінде балаларда түрлі әрекеттері арқылы сөйлеуді дамыту қалған балалармен)		4	4	2		14	
2.7	Сауат ашу негіздерін оқытудың әдістемелік ерекшеліктері		2	2			3	
2.8	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту: сенсорлық эталондар туралы түсініктер мен қарапайым математикалық ұғымдарды; құрастыру іс-әрекеті тәсілдері мен креативті және сыни ойлауды дамыту.		4	4	2		10	
2.9	Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту: балалардың өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасау, зерттеушілік қабілеттерін дамыту.		2	2	1		5	
2.10	Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру: қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу		2	2			4	
2.11	Инклюзивті білім беру кеңістігінде жұмыс істеуді қамтамасыз ету үшін қажетті жағдайларды жасау			1			1	
2.12	Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен білім сапасын бағалау		2	2	1		5	
2.13	Тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту технологиялары		2	2	2		6	
2.14	Педагогтың кәсіби дағдыларының (hard skills) қалыптасу деңгейін анықтау					4	2	6
3	3-модуль. Педагогтердің IT-құзыреттілігін және цифрлық сауаттылығын дамыту		4	4			8	
3.1	Мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеуді ұйымдастыру барысында интернет-платформаларды, Smart-құрылғыларды, ақпараттық-қатынас технологияларды және сандық білім беру қорларын пайдалану, ақпараттық-әдістемелік материалдар		1	1			2	
3.2	STEM-технологиясының білім алушының функционалды сауаттылығын		1	1			2	

	қалыптастырудағы ролі								
3.3	Zoom бағдарламасы арқылы видео дәріс әзірлеу, аудандық семинарларға жоба даярлау, видео ертеңгіліктерін даярлау, ата-аналар үшін видео-конференция өткізу.			1	1				2
3.4	Gmail пошта жәшігіне тіркелу			1	1				2
4	Модуль 4. Вариативтік		4						4
4.1	Бағдарлама мазмұнын тыңдаушылардың сапасына және олардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып саралау Тыңдаушыларға қиындық келтіретін тақырыптар бойынша сұрақтарды талқылау		2						2
4.2	Шағын жобаның презентациясы (жобаны қорғау) мен тестілеуге дайындық		2						2
Барлығы:		4	4	30	28	8	4	2	80

Ескерту: 1 академиялық сағат – 45 минут

Қашықтықтан оқу режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары

№	Тақырыбы	Қашықтан оқыту 30 сағат						Өзіндік оқу 50с .	Барлығы
		Дәріс	Тренинг	Онлайн-кеңес	Вебинар	Онлайн-форум	Бағалау	Тыңдаушылардың өзіндік жұмысы	
1	I – Модуль. «Заманауи білім беруді дамытудың психологиялық-педагогикалық және нормативтік аспектілері				4				4
1.1	Мемлекеттің әлеуметтік саясаты саласындағы нормативтік-құқықтық заңнама және мектепке дейінгі ұйым педагогының кәсіби әрекетіндегі құжаттау үрдісі				2				2
1.2	Мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі педагогтың педагогикалық іс-әрекеті және аттестаттаудың мәні				2				2

2	II-модуль. Білім беру сапасын арттыру контексінде оқыту мазмұны және әдістерін жетілдіру ҮОБ –на сәйкес мектепке дейінгі білім беру жүйесінде тәрбиеленушілерді жан-жақты дамыту жағдайында ұйымдастырушылық-басқарушылық кәсіби құзыреттіліктерін дамыту	2		16	2			46	66
2.1	Мектепке дейінгі білім беру ортасын қазіргі талапқа сай жобалау	2						2	4
2.2	ҮОБ –на сәйкес мектепке дейінгі білім беру жүйесінде тәрбиеленушілердің дағдысын қалыптастыруды ұйымдастырудың ерекшеліктері			1				2	3
2.3	Бала дамуындағы ойын іс-әрекетінің маңызы				2			2	4
2.4	Заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыру және оған қойылатын талаптар			1				3	4
2.5	Физикалық қасиеттерді дамыту дағдылары: мәдени-гигиеналық және өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру; шығармашылық қабілеттер мен командамен бірге әрекет ету			1				2	3
2.6	Коммуникативтік дағдыларды дамыту: ойын түрінде балаларда түрлі әрекеттері арқылы сөйлеуді дамыту қалған балалармен)			2				11	13
2.7	Сауат ашу негіздерін оқытудың әдістемелік ерекшеліктері			1				2	3
2.8	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту: сенсорлық эталондар туралы түсініктер мен қарапайым математикалық ұғымдарды; құрастыру іс-әрекеті тәсілдері мен креативті және сыни ойлауды дамыту.			2				4	6
2.9	Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту: балалардың өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасау, зерттеушілік қабілеттерін дамыту.			1				2	3
2.10	Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру: қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу			2				4	6

2.11	Инклюзивті білім беру кеңістігінде жұмыс істеуді қамтамасыз ету үшін қажетті жағдайларды жасау			2				2	4
2.12	Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен білім сапасын бағалау			2				5	7
2.13	Тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту технологиялары			1				5	6
2.14	Педагогтың кәсіби дағдыларының (hard skills) қалыптасу деңгейін анықтау								
3	3-модуль. Педагогтердің ІТ-құзыреттілігін және цифрлық сауаттылығын дамыту			2				4	6
3.1	Мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеуді ұйымдастыру барысында интернет-платформаларды, Smart-құрылғыларды, ақпараттық-қатынас технологияларды және сандық білім беру қорларын пайдалану, ақпараттық-әдістемелік материалдар			1					1
3.2	STEM-технологиясының білім алушының функционалдық сауаттылығын қалыптастырудағы ролі							1	1
3.3	Zoom бағдарламасы арқылы видео дәріс әзірлеу, аудандық семинарларға жоба даярлау, видео ертеңгіліктерін даярлау, ата-аналар үшін видео-конференция өткізу.			1				2	3
3.4	Gmail пошта жәшігіне тіркелу							1	1
4	Модуль 4. Вариативтік			4					4
4.1	Бағдарлама мазмұнын тыңдаушылардың сапасына және олардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып саралау Тыңдаушыларға қиындық келтіретін тақырыптар бойынша сұрақтарды талқылау			2					2
4.2	Шағын жобаның презентациясы (жобаны қорғау) мен тестілеуге дайындық			2					2
Барлығы:		2	20	8				50	80

Ескертпе: 1 академиялық сағат – 45 минут.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>

«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293>

2 «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан

Республикасының Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345>

3 «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000306>

4 «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу

арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000343>

5 Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137>

6 «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын

санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023469>

7 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру

стандарттары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669>

8 Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу

жоспарлары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008275>

9 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235>

10 Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017657>

11 Білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының нысандары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013227>

Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P080000077>

12 Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың

лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V090005750>

13 Жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013272>

14 Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру

және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015584>

15 Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау

жүйелерімен жарақтау стандарттары және оларға қойылатын талаптар

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900018239>

16 Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету

қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020883>

17 Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі

ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің,

оның ішінде электрондық нысандағы тізбесі

<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020708>

18 <http://egov.kz> – Қазақстан Республикасының Электрондық үкіметі.

19 <http://www.pki.gov.kz> - Ұлттық куәландырушы орталығы

20 <https://kundelik.kz/> - автоматтандырылған жүйесі

21 <https://kk.wikipedia.org/> - ашық энциклопедиясы

8. Оқу нәтижелерін бағалау

Жоба таныстырылымының құрылымы, бағалау критерийлері мен параметрлері

Жоба қорғау

Жобаның құрылымы (топтық жұмыс)

Жобалық жұмысты 4-5 педагог құрайды. Әр топ өз жобасын дайындайды.

Жоба келесі құрылымдық элементтерден тұрады:

1) Титулдық бет (ұйымның атауы, әзірлеушінің Т. А. Ә., жылы, қаласы көрсетіледі).

2) Мазмұны (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды, қосымша).

3) Кіріспе (таңдалған тақырыптың өзектілігін негіздеу, жұмыстың мақсаттары мен міндеттері, міндеттерін іске асыру жолдары, мәселені тұжырымдау, өзіндік ұсыныстар, пайдаланған әдебиеттері тізімі).

4) Негізгі бөлім (кіріспеде қойылған мәселе дәйекті түрде ашылады, көз материалдарында оны шешу жолдары қадағаланады, дәлелді позиция көрсетіледі, оған әртүрлі көзқарастар сипатталады және автордың оларға қатынасы көрсетіледі).

5) Қорытынды (жобаның ұсынылған мақсаты мен міндеттеріне сәйкес зерттеудің басты қорытындылары шығарылады, қорытылған қорытындылар жасалады немесе зерттеу нәтижелерін нақты пайдалану бойынша практикалық ұсынымдар беріледі).

6) Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

7) Қосымшалар (қажет болған жағдайда).

8) Слайд түріндегі таныстырылым (www.canva.com, [power point + class point](#). Wordwall

Жобаны бағалау тәртібі:

1. Теориялық және практикалық білім көлемі;
2. Тақырыптың жаңалығы мен өзектілігі
3. Креативтілік;
4. Нақты мәселелерді шешу үшін білімді қолдана білу;
5. Өз мәтіні мен презентациясын қисынды, тақырыпқа барабар жасай білу;
6. Кәсіби құзіреттіліктер.

Жобаны бағалау критерийлері

	Критерийлері	Балл	Пікірлер
1	Зерттеу мәселесін тұжырымдау. Мәселенің маңыздылығы мен өзектілігі		
2	Қойылған проблемалардың, мақсаттар мен міндеттердің жоба тақырыбына сәйкестігі		
3	Жоба мазмұнын құрылымдау: жүйелілік пен дәйектілік		
4	Мазмұнның жоба тақырыбына сәйкестігі: - мәселенің ашылу дәрежесі; - жоспарға сәйкестігі.		
5	Жұмыстың перспективалары: -жұмыс нәтижелерінің практикалық маңыздылығы; - жұмысты жалғастыру мүмкіндігі.		
6	Жобада инновациялық тәсілдерді қолдану		
7	Әр мүшенің белсенділігі		
8	Маманның кәсіби шеберлігі		
9	Сұрақтарға жауаптар		
10	Шығармашылық тәсіл		
	Балпы ұпай саны		

Жобалау жұмыстарының таныстырылымдарын бағалау үшін келесі өлшемдер бөлінеді:

«5» (өте жақсы) рейтингі 17-20 балл аралығында белгіленді.

«4» (жақсы) рейтингі 14-16 баллға сәйкес келеді.

«3» рейтингі (отыр.) Жалпы 10-13 баллға сәйкес келеді.

Жоба үшін максималды балл саны - 20 балл.

Қорытынды тестілеу

№	Модульдердің атауы	Сағаттар саны	Сұрақтар саны
1	Заманауи білім беруді дамытудың психологиялық-педагогикалық және нормативтік аспектілері	4	2
2	Білім беру сапасын арттыру контексінде оқыту мазмұны және әдістерін жетілдіру	64	24
3	Педагогтардың ІТ-құзыреттіліктерін дамыту	8	4
4	Вариативтік	4	-
	Жиыны		30

Бағалауда баллдарды ауыстыру шкалалары

Бағалау	Орындау %-дегі ауқым	Баллдар
5	90 – 100 %	27-30
4	75 – 89 %	23-26
3	50 -74 %	15-22
2	50 % жуық	20 баллдан кем

Аралық және қорытынды тест тапсырмалары

Сұрақ №1

	Ерте дамыту
1	Баланың туғаннан бастап мектепке барғанға дейін дамуы
0	1 жастан 2 жасқа дейінгі баланың дамуы
0	2 жастан 3 жасқа дейінгі баланың дамуы
0	3 жастан 4 жасқа дейінгі баланың дамуы
0	4 жастан 5 жасқа дейінгі баланың дамуы

Сұрақ №2

	Тәрбиешінің күнделікті толтыратын 3 құжаты
1	перспектива, циклограмма, мониторинг
0	сабақ жоспары, даму карта, зерттеу
0	жоспар, мониторинг, келу парағы
0	ешқандай құжат толтырмайды
0	балабақша әдіскері ұсынған құжат

Сұрақ №3

	Ұйымдастырылған іс-әрекеттер....
1	күнделікті болады және уақыты шектелмейді
0	күнделікті болмайды
0	күнделікті болады және уақыты шектелген
0	шектелген уақытта
0	күн ара болады және уақыты шектелмеген

Сұрақ №4

	ҮОБ қолданысқа енгізілді
1	5 қыркүйек
0	5 қазан
0	15 қараша
0	15 тамыз
0	15 қыркүйек

Сұрақ №5

	Ұйымдастырылған іс-әрекет болады
1	түске дейінде кейін де
0	түске дейін
0	түстен кейін
0	мүлде болмайды
0	аптасына екі рет

Сұрақ №6

	Педагогикалық зерттеу әдістері
1	бақылау, әңгімелесу, педагогикалық эксперимент
0	механикалық, негізгі
0	қарапайым, күрделі
0	құрама, химиялық
0	бағдарламалық, негізгі

Сұрақ №7

	Баланың сезіміне әсер ете отырып, дүниесін түсіне алатын тәрбие түрі
1	музыкалық тәрбие
0	адамгершілік
0	өнертану
0	эстетикалық
0	ойын тәрбиесі

Сұрақ №8

	Дыбыс пен қозғалысты бірінің соңынан бірін қабылдау уақыт шегінде санада бір бүтін болып синтезделетін жиын элементтерін өте дәл дифференциялауға жәрдемдесетін анализаторлар:
1	Есту
0	Көру
0	Сезу
0	Ұстау
0	Санау

Сұрақ №9

	Үй-іші тәрбиесінің принциптері
1	отбасы мүшелерінің бір-бірімен эмоционалдық қарым-қатынасы
0	ана тілін қадірлеу
0	гуманистік негізді жеке тұлғаны сыйлау
0	отанды құрметтеу
0	жақындарымен қарым қатынас

Сұрақ №10

	Педагогикалық бақылау әдісін қандай әдістердің тобына жатқызуға болады
1	педагогикалық талдап қорыту
0	эксперименттік
0	теориялық талдау және жалпылау
0	математикалық
0	практикалық

Сұрақ №11

	Мектепке дейінгі ұйымдарда жүзеге асыратын дамытушы ортаның компоненттері
1	заттық орта , мектепалды білім беру мазмұнын меңгеру, педагогикалық үрдіске қатысушылардың өзара әсерлесуі
0	дамытушы іс-әрекеті
0	тұлғалық-бағдарлы өзара әрекет
0	білім беруде әр түрлі әдістерді пайдалану
0	білім берудің диагностикалық негізі

Сұрақ №12

	Тұлғалық-бағдарлы өзара әрекет
1	әдістемелік жұмыста педагогтардың жеке ыңғайы; балаларға жеке ыңғай; ата -аналардың іс-әрекет үрдісіне қатысуы
0	дұрыс ақпараттың болуы; шығармашылық іс-әрекетке жағдай жасау
0	балабақша бағдарламасына ескертпе
0	санитарлы- гигиеналдық қалыптарға сәйкес келуі; балалардың денелік дамуын денсаулық жұмыстарымен қамту
0	білім берудің диагностикалық негізі

Сұрақ №13

	Дамытушы іс-әрекеті
1	дұрыс ақпараттың болуы; шығармашылық іс-әрекетке жағдай жасау
0	әдістемелік жұмыста педагогтардың жеке ыңғайы; балаларға жеке ыңғай; ата -аналардың білім беру үрдісіне қатысуы
0	балабақша бағдарламасына ескертпе
0	санитарлы- гигиеналдық қалыптарға сәйкес келуі; балалардың денелік дамуын денсаулық жұмыстарымен қамту
0	білім берудің диагностикалық негізі

Сұрақ №14

	Мектепалды даярлықта балалардың белсенділігін дамытушы орта арқылы қалыптастыру дегеніміз
1	бала тұлғасының үйлесімді қалыптасуына, өзбетті іс-әрекет жасауына ықпал етуге мүмкіндік беретін арнайы мақсат көздейтін орталықтарды ұйымдастыру арқылы жүзеге асыру
0	заттық орта, мектепалды білім беру мазмұнын меңгеру, педагогикалық үрдіске қатысушылардың өзара әсерлесуі
0	денсаулық сақтау іс- әрекеті
0	дамытушы ұстаным бойынша білім беру мазмұнын меңгеру әдісінің сәйкес келуі
0	білім беру сапасына педагогтың жауапкершілігі

Сұрақ №15

	Перспективалық жоспарға міндеттерді қайдан аламыз?
1	үлгілік оқу бағдарламасынан
0	стандарттан
0	педагог өзі ойдан құрастырады
0	міндеттер қажет емес
0	балабақша әдіскері өзі құрастырып береді

9. Курстан кейінгі қолдау

Курстан кейінгі қолдау бекітілген жылдық жоспарға сәйкес жүргізілді. Байланыс құралдары ретінде электронды почта, әлеуметтік желілер және сервистер (Zoom, facebook, Whatsap.) қолданылады.

Педагогтардың кәсіби өсуіне бағыт-бағдар көрсете отырып, тыңдаушылардың қажеттіліктеріне қарай әдістемелік қолдау көрсетеді. Сабақтарды бақылау барысында басты назар әлеуметтік педагогтың теориялық білімдерін практикада қолдану дағдыларына, оқушылардың тұлғалық дамуына, әлеуметтік дағдыны қалыптастыру қажеттіліктерін қанағаттандыра алуына назар аударылды. Кері байланыс аясында, тыңдаушылар қажетті әдістемелік көмектерін алады.

Курстан кейінгі қолдау ретінде тренингтерден басқа аудандық, облыстық деңгейде семинарлар, дөңгелек үстел, вебинарлар, шеберлік сыныптар және байқаулар өткізіледі.

1. <http://egov.kz>
2. <http://www.pki.gov.kz>
3. <http://orleu-edu.kz>
4. <http://www.orleu-almobl.kz>
5. <http://bilimland.kz>
6. www.smk.edu.kz
7. <https://twig-bilim.kz>

8. <http://www.cpm.kz/>
9. <http://www.eurekanet.ru> - «Эврика» оқу сайт
10. www.bookz.ru- электронды кітаптар, журналдар, сөздіктер)
11. <http://www.eolss.net> - EOLSS (Encyclopedia of Life Support Systems)
12. <http://www.encyclopedia.ru/> - Энциклопедия
13. <http://school.eb.co.uk> - Britannica School),
14. <http://play.nis.edu.kz>

Жоба тақырыптары

1. «Неліктен мен тәрбиеші мамандығын таңдадым» (эссе-ой толғау, жанрлық очерк, әңгіме, сұхбат, газет, журнал, т.б. түрінде) шығармашылық жұмысты орындау.
2. Білім беру ұйымдарындағы тәрбиеші-педагогтің қызметі
3. Мектепке дейінгі ұйымдарда қолданылатын педагогикалық технологиялардың жіктелуі
4. Баланы жан-жақты дамуытуда ойынның рөлі
5. Мектепке дейінгі ұйым педагогінің зерттеушілік құзіреттілігі
6. Мектеп жасына дейінгі баланың зияткерлік дамуы мақсатында Кюизенердің ойын техникаларын қолдану
7. Асық методикасы арқылы мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу технологиясы